

**«БЕКІТЕМІН»**  
**ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу**  
**орталығы» РМКК директоры**  
  
**R. T. Емелбаев**  
**«...» 2023 ж.**

**«Пошта байланысын ұйымдастыру және пайдалану» пәні бойынша**  
**Педагогтердің білімін бағалауға арналған**  
**тест спецификациясы**  
**(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттесттатау барысында Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын өзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «07141000 - Пошта байланысы» мамандығы, 3W07141001 - Пошта байланысының операторы, 4S07141002 - Пошта байланыс технологияларын арналған «Пошта байланысын ұйымдастыру және пайдалану» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>№</b>	<b>Тақырыпша</b>
01	ҚР әкімшілік-территориялық бөлінуі	01	Облыстар мен облыс орталықтары, аудандар мен аудан орталықтары
02	Почта жөнелтімдерінің түрлері және санаттары	02	Ішкі почта жөнелтімдерінің түрлері және санаттары
03	Пошталық қызмет көрсету	03	Пошта жөнелтімдерін мекен жайға жіберу және қабылдау, жазбаша хат-хабарларды қабылдау, өндеу және жеткізу. Сәлемдемелік поштаны қабылдау, өндеу және табыстау

Мәннәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).

**4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

Қазақстан Республикасы 14 облысқа және 2 республикалық маңызы бар қалага әкімшілік бөлінген. Бұдан басқа, ерекше мәртебесі бар қала бар, Байқоңыр бар, оны 2050 жылға дейін Ресей Федерациясы жалға алады және осы кезеңде онымен қарым-қатынаста Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар қаласына сәйкес келетін мәртебе берілген.

**Екінші деңгейі**

Әкімшілік бөлінудің екінші деңгейінде 160 ауылдық аудан, 16 қалалық аудан және 37 облыстық маңызы бар қала.

Республикалық маңызы бар қалалардағы қалалық аудандар: Нұрсұлтан — 4 аудан, Алма-Ата — 8 аудан, Шымкент — 4 аудан.

Облыстық маңызы бар қала мәртебесінің дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы және халық саны 50 мыңдан астам ірі экономикалық және мәдени орталықтары бар.

**Үшінші деңгей**

Үшінші деңгейде аудандық маңызы бар 47 Қала, 4 қалалық аудан (облыстық маңызы бар Қарағанды және Ақтөбе қалаларында 2-ден), 26 кенттік әкімдік, 2283 ауылдық округтік әкімдік және 82 ауылдық әкімдік.

Аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, оқу және мәдени-агарту, емдеу және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының

саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер аудандық маңызы бар қалалар болыш табылады, олардың ішінде жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері халықтың жалпы санының үштеген екісінен астамын құрайды.

Облыстық маңызы бар қалалардағы қалалық аудандар, Егер облыстық маңызы бар қала халқы 400 мың адамнан асқан жағдайда құрылады: Қарағанды қаласында — 2 аудан, Ақтөбе қаласында — 2 аудан.

#### **Почта жөнелтімдерінің түрлері және санаттары:**

Ішкі почта жөнелтімдерінің түрлері және санаттары

- 1) хаттар (жай, тапсырысты, құндылығы жарияланған);
- 2) почта карточкалары (жай және тапсырысты);
- 3) бандерольдер (жай, тапсырысты, құндылығы жарияланған);
- 4) сәлемдемелер (кәдімгі, құндылығы жарияланған);
- 5) EMS – жөнелтімдері.

#### **Пошталық қызмет көрсету:**

#### **Почта байланыс қызметтерінің түрлері:**

1) почта байланысының жалпы қолжетімді қызметтері (жай жазбаша хат хабар);  
2) тіркелетін почта жөнелтімдерін тасымалдау бойынша қызметтері;  
3) «EMS Kazpost» қызметі;  
4) пошталық ақша аударымдары;  
5) жазылым бойынша мерзімді баспасөз басылымдарын тарату және оларды жүзеге асыру;  
6) филателия өнімдерін сату;  
7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес почта байланысының басқа да қызметтері.

#### **1. Қаржы қызметтерінің түрлері:**

1) бағалы қағаздар рыногын реттеу бойынша уәкілетті органдардың бекітілген тәртіптегі трансфер\агенттік қызметі;  
2) мемлекеттік бюджеттен және жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемі мен әлеуметтік жәрдемақыны жеткізу бойынша қызметтері;  
3) депозит қабылдау, жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың банктік шотын ашу және жүргізу;  
4) аударым операциялары (еңбекақы, стипендия және басқа да ақшалай төлемдерді төлеу);  
5) шетел валютасында айырбас операцияларын ұйымдастыру.

Қоғам уәкілетті органдармен берілген лицензия негізінде теңге және шетел валютасындағы банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асырады.

#### **«EMS KAZPOST» қызметі:**

#### **EMS жөнелтімдерінің түрлері мен типтері**

Тақырып EMS жөнелтімдерінің түрлері мен типтері

EMS жөнелтімдер салымының сипатына байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) «EMS - ПАКЕТТЕР» - 2 кг дейінгі салмақты құжаттары ( жазбаша хат-хабарлар) бар жөнелтімдер;
- 2) «EMS – сәлемдемелер» - 2 кг және одан да көп салмақты тауарлары, сондай-ақ құжаттары бар жөнелтімдер.

EMS жөнелтімдері Қазақстан Республикасының аумағында және оның шекарасынан тыс аумактарына жіберіле алады және былай болінеді.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең тәменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге,

дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауга негізделген.

**Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары** неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 2 – 2,5 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Пошта ережелері. «Қазпошта» АҚ Басқармасымен бекітілген 28.09.2005 ж. №47 хаттама, Алматы, 2006 ж.

2. Өндірістік объектілердің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық. «Қазпошта» АҚ Басқармасымен бекітілген Алматы қ. 15.04.2008 ж. №19 хаттама, 2009 ж.

3. «Қазпошта» АҚ өндірістік объектілерінің атаулы заттарымен жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық. «Қазпошта» АҚ Басқармасымен бекітілген 01.12.2006 ж. №60 хаттама, Алматы, 2007 ж.

4. «Қазпошта» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары. «Қазпошта» АҚ Басқармасымен бекітілген 2004 жылғы 23 желтоқсандағы 108 хаттама, Алматы, 2005 ж.

5. Мерзімді баспасөзбен пошта жөнелтілімдерін жеткізуі ұйымдастыру ережелері. «Қазпошта» АҚ Басқармасымен бекітілген Алматы қ. 15.04.2008 ж. №19 хаттама, 2009 ж.

6. «Пошта туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 498-V ҚРЗ.

7. «Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 65 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 27 қазанда № 14370 болып тіркелді.)

**«КЕЛІСІЛДІ»**

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігінің

Техникалық және кәсіптік

білім департаменті

*Жұлдыз*

(кеңін)

(Т.А.Ә)

«       »                  2023 ж.

*Г.С*

*ОУ*

*АК*

*Жұлдыз*  
*Ф.Касасов*  
*М.М*  
*С.Алф*